

- Maduanov SM, Shalekenov MU History of mutual relations of the peoples of Turkestan in the XVIII-early XX centuries. Turkestan: Международный Казахско - Турецкий университет им. Н.А. Yasavi, 2000. 436 p.
- Materials of the expeditionary research commissions of the USSR Academy of Sciences. Features agricultural economy of Adaev district. Research 1926 Tashkent, 1927. - Issue. VI. - 214 p.
- Materials on zoning of Uzbekistan. Samarkand, 1926. Issue. 1. 56 p.
- Мирхаликов Т. Tajik SSR. Tashkent: Fan, 1984. 92 p. 62
- Nazarbayev N.A. Speech at the II Congress of Kazakhs of the World // Chronicle of the Kazakhs of the World. Almaty: World Association of Kazakhs, 2005. Book II. 71 p.
- Nurgaliv Abat was born in 1926, tribe Adai, Tashauz region, Takta district, Izmykshier village. // From the materials of the field ethnographic expedition, 2002
- Orazov "Economy and culture of the population of north-western Turkmenistan at the end of the XIX century - nach. XX c. ». Ashgabat: Ylym, 1972. 129 p.
- Report of the Syrdarya Economic Council for 1921-1922 hoz. year. Tashkent, 1925. 36 p.
- Truth about the state border of the Republic of Kazakhstan. Almaty: Silk Road, 2006. 228 p.
- Shalekenov UH Kazakhs of the lower reaches of the Amu Darya. To the history of mutual relations peoples of Karakalpakstan in the XVIII - XX centuries. Tashkent: Fan, 1966. 336 p.
- Central State Archive of the Republic of Uzbekistan (CSARPU). P-1 fund. 1 list. 704 cases. 18-21 pp.
- CSARPU. P-1 fund. 1 list. 706.- case. 63-74,105-106 pp.
- CSARPU. R-1 fund. 1 list. Case 707. 20-21 pp., 158-159 pp
- CSARPU -R-1 fund. 1 list. 721 cases. 314-315, 349-356 pp.
- CSARPU. P-5 fund, 5 lists, 670 cases, 7 items
- CSARPU. P 5 fund, 5 list, 67a case, 41 p.
- CSARPU. 12 funds. 1 list. 9 cases. 39-41.45 pp
- CSARPU. 17 funds. 1 list. 335 cases. 32-38 pp
- CSARPU. P 30 fund, 4 list, 506 cases, 42 p
- CSARPU 34 funds. 1 list. 421 cases. 54 p.
- CSARPU. 39 funds. 2 list. 211 cases. 50 p
- CSARPU. p 39 fund. 2 list. 454 cases. 20-24 pp.
- CSARPU. - 86 funds. 1 list. 2550 cases. 431 p.
- CSARPU. R-86 fund. 1-list. 5266 - case. 6 p.
- CSARPU 90 funds. 9 lists. 248 cases. - 31-39 pp.
- CSARPU. 215 funds. 2 list. 181 cases. 33 p.
- USSR Academy of Sciences materials of the commission of expeditionary research. - Peculiarities of agriculture in Adaevsky district. L .: Publishing house of the Academy of Sciences of the USSR, 1928. Issue. VI.220 p.
- <https://stat.uz/ru/ofitsialnaya-statistika/demografiya-i-trud/demograficheskie-pokazateli/433-analiticheskie-materialy-ru/2055-demograficheskaya-situatsiya-v-respublike-uzbekistan> / Information on the national composition of the resident population of the Republic of Uzbekistan Date of treatment: June 29, 2018.
- <http://meteojournal.ru/stati/naselenie-turkmenistana-i-ego-sostav-v-2020-godu-ocenka/> Население Туркменистана и его состав в 2020 году (оценка). 29.10.2020.
- <https://asiaplustj.info/news/tajikistan/society/20190124/natsionalnie-menshinstva-tadzhikistana-skolko-ih-i-kto-u-nas-zhivet>. 24.01. 2019.
- www.stat.kg. Population – Oficialnaya statistika - Statistics of Kyrgyzstan. Date of application: April 2, 2019.

FTAXP 03.20

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «БЕС МАСАҚ» ЗАҢЫ: 1932-33 ЖЖ. СОТ ОРГАНДАРЫНЫҢ
ЖАЗАЛАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ (ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ МЫСАЛЫНДА)**

Саурыкова Жанар Сансызбаевна

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
Алматы, Қазақстан. E-mail: zhanarsaurykova@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада 1932 ж. 7 тамызда Ортатком мен КСРО ХКК «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздардың және кооперациялардың мүлкін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті қорғау туралы» қабылдаған қаулысының негізінде сталиндік репрессиялық саясаттың ауылдық жерлерде шаруаларға қарсы жаппай жүргізілгендігі қарастырылады. «Социалистік меншікті қорғау туралы» заң немесе халық арасында «Бес масақ» атанған Заңның аясында колхоз меншігін талан-таражға салғаны үшін,

алқапта жасырын егін бастырғандарға ату жазасына дейін жазалау шаралары кеңінен қолданылды. Автор Қарағанды облыстық мемлекеттік архивінің жарияланбаған және құпия грифі бар құжаттары негізінде осы заңды талдай отырып, ашық бұрмаланушылықпен шаруаларды, бай-кулақтарды қудалап, тәркіленген мүлікті иемдену ең үлкен алапатқа алып келгенін көрсетеді. «Бес масақ заңына» сәйкес «Социалистік меншікті ұрлаушының» ісін қарауда және орындауда арнайы «Жәрдем топтары» құрылғандығы қамтылады.

Кілт сөздер: Бес масақ заңы, меншік, саяси науқан, колхоз, орта шаруа, бай-кулак, репрессия, тергеу, тәркілеу

МРНТИ 03.20

**ЗАКОН «О ПЯТИ КОЛОСКАХ» В КАЗАХСТАНЕ: 1932-1933 ГГ.
ОПЫТ МЕРЫ НАКАЗАНИЯ СУДАМИ (НА ПРИМЕРЕ АРХИВНЫХ
ДОКУМЕНТОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ)**

Саурыкова Жанар Сансызбаевна

Старший преподаватель Казахского национального педагогического университета имени Абая. Алматы, Казахстан. E-mail: zhanarsaurykova@mail.ru

Аннотация: В статье рассматривается, что на основе принятого постановление от 7 августа 1932 года ЦИК и СНК СССР «О защите собственности государственных предприятий, колхозов и кооперативов и охране общественной (социалистической) собственности» репрессивная политика Сталина проводилась в массовом порядке против крестьян в сельской местности. В рамках закона «О защите социалистической собственности» или закона «О пяти колосках» среди населения широко применялись меры наказания за хищение колхозной собственности, за тайное земледелие, вплоть до расстрела. Анализируя этот закон на основе документов, которые ранее не были опубликованы и имеют секретный гриф Карагандинского областного госархива, автор рассматривает преследование крестьян, бай-кулаков и изъятие конфискованного имущества как одно из решений, приведших к величайшему катастрофу из-за проведения массовых репрессий в регионе. В соответствии с законом «О пяти колосках», при рассмотрении и исполнении дела «Хищника социалистической собственности» следователями создаются специальные «Группы поддержки».

Ключевые слова: закон о пяти колосках, собственность, политическая кампания, колхоз, средний крестьянин, бай-кулак, репрессия, следствие, конфискация

IRSTI 03.20

**THE “FIVE WHEAT SPIKES” LAW IN KAZAKHSTAN: 1932-1933 EXPERIENCE
OF PUNISHMENT BY THE COURTS (ON THE EXAMPLE OF ARCHIVAL
DOCUMENTS OF THE KARAGANDA REGION)**

Saurykova Zhanar

Senior lecturer at Abay Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan. E-mail: zhanarsaurykova@mail.ru

Abstract. The article says that on August 7, 1932, the Central Executive Committee and the Council of People’s Commissars of the USSR adopted a resolution “On the protection of the property of state enterprises, collective farms and cooperatives and the protection of public (socialist) property”. On the basis of the adopted resolution, it is stated that Stalin’s repressive policy was carried out en masse against the peasants in the countryside. Within the framework of the Law «On the Protection of Socialist Property» or the “Five wheat spikes” Law, punishment measures were widely applied among the population for theft of collective farm property, especially for secret farming, up to execution.

Analyzing this law on the basis of archival documents, the author considers the persecution of peasants, the rich and the seizure of confiscated property as one of the solutions that led to the greatest catastrophic famine due to the massive repression in the region. Also,

for the first time, documents of the Karaganda regional state archive on excessive abuse and abuse of punishments by the judicial authorities carried out in connection with this law are being introduced into scientific circulation. In accordance with the "Five wheat spikes" Law, when considering and executing the case of the «predator of socialist property», investigators set up special «support groups» for a faster investigation.

The article was written on the basis of archival documents that have not been previously published and are classified.

Key words: revolutionary law, law on five spikelets, decree, public property, political campaign, collective farm, peasant, middle peasant, rich kulak, repression, investigation, confiscation.

Кіріспе. Кеңестер Одағында жаппай ұжымдастыру үрдісі басталған кезде көшпелі және жартылай көшпелі шаруалар қожалықтарын жаппай отырықшыландыру мәселесі күн тәртібіне қойылды. Жаңадан ұйымдастырылған ірі колхоздар көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық бола алмайтын болғандықтан Қазақстандағы отырықшыландыру ісін қолға алған Ф.И. Голощекин бұл іске бірден саяси мазмұн беруге тырысты. Мұның өзі жаңа экономикалық саясат жылдары саяси тұрақтылық орныққан қазақ ауылына саяси дүрбелең туғызатын қауіп еді. Қазақ үкіметі отырықшыландыру аудандарындағы колхоздардың бастапқы түрі жерді бірігіп өңдейтін серіктіктер және малды қауымдастыратын серіктіктер болу қажеттігін көрсетті. Сондықтан қасіретке толы ХХ ғасырдың 20-жылдарының соңы мен 30-жылдардың басында республикалық БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті ауылшаруашылық саласында «Ауылдағы партияның саясаты - бай-кулактарды тап ретінде жою және ұжымдастыру» деген саяс ұранды басшылыққа ала отырып, небір заңсыздықтарға жол берді. Дәстүрлі көшпелі шаруашылыққа бейімделген қазақ даласы, ең алдымен, көп сатылы кешенді және отырықшылыққа бейімделген ұжымдастыру үдерісіне дайын болмады. Жергілікті ауыл шаруашылығының өзіндік ерешеліктерін есепке алмастан астық дайындау науқанын қарқынмен жүгізу мақсатында көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына пайдаланылатын жерлерді күшпен тартып алу кеңінен етек алды. Осыған орай 1931 ж. қыркүйекте БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің шешіміне сәйкес мал шаруашылықты аудандарға «ұжымдастыруды барынша жеделдету» және ТОЗ-ды айналып өту арқылы ауыл шаруашылығы артелдерін құру міндеттері жүктелді. Міне, осылайша қарқынды ұжымдастыру науқаны нәтижесінде 1930 ж. республикадағы колхоздар саны 7 мыңға жетті. Ал, оның 2 мыңнан астамы шұрайлы жайылымдық жерлерге орналасты да, мал басының күрт азаюына әкелді. Бұл көрсеткіш 1931 ж. 1 маусымында республикадағы мал өсіретін шаруа қожалықтары бойынша оның жалпы саны 44,1 пайызға өскенін байқатады. Республикадағы жаппай күштеп отырықшылыққа көшіру, ұжымдастыру үдерісінің салдарынан дәстүрлі халық шаруашылығының бұзылуына, әсіресе өндірісті ұйымдастыру барысында мал жайылымдарының тарылуы, көп жерлерде олардың қаңырап бос қалуы және оған үстеме ретінде қуаңшылықтың кеңінен өрістеуі секілді табиғи апаттардың орын алуы т.б., оның түбегейлі өзгеруіне әкеліп соқтырды.

Саяси науқанмен қатар қазақ халқы ХХ ғасырдың 20-жылдарынан бастап 30-жылдарына дейін бірнеше жүт пен ашаршылықты басынан өткізді. Соның салдарынан дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығы барынша қатты күйзелді. Дала дәулеттілері мен ауқаттылары мыңғырған малынан, қарапайым қара халық күнделікті күн көрісінен айырылды. Оның арты жаппай аштыққа ұласып, адам шығыны көбейді. ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы қазақ тарихының қасіретті беттерінің бірі саналатын ашаршылық тұсында қатардағы орта шаруалар, байларды, кулактарды тәркілеу саясатын жүзеге асыруға кеңестік билік барынша күш алды. Кулак шаруашылықтарын жою, тәркіленген мүліктерді иемдену, талан-таражға салу, жала жабу, т.б. заңсыздықтар барысында «асыра сілтеу, шектен шығу» орын алды. Кулактарды тәркілеу саясатын жүргізу нәтижесінде Қазақстан Кеңес Одағының басқа аймақтарына қарағанда көп зардап шекті, шаруалардың неғұрлым белсенді іс-әрекетке қабілетті бөлігі жойылды. 1932 жылы 7 тамызда Орталық Атқару комитеті мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздардың және кооперациялардың мүлкін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті қорғау туралы» қабылдаған қаулысының негізінде сталиндік репрессиялық саясаттың ауылдық жерлерде шаруаларға қарсы жаппай жүргізілгендігі баяндалады. «Социалистік меншікті қорғау туралы» заң немесе халық арасында

«Бес масақ» атанған Заңның аясында колхоз меншігін талан-таражға салғаны үшін, әсіресе алқапта жасырын егін бастырғандарға ату жазасына дейін жазалау шаралары кеңінен қолданылды.

Сондықтан отандық тарихтың бұл кезеңі айтарлықтай күрделі және қарыстырылып отырған тақырып тарих ғылымы үшін аса өзекті.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы дайындау барысында архив құжаттары мен материалдары, оның ішінде «құпия» грифі бар Қарағанды облыстық мемлекеттік архивінің қорларындағы құжаттар ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Ал зерттеу және жұмысты жазу барысында объективтілік, тарихилық, жүйелілік және салыстырмалы талдау қағидаттары басшылыққа алынды. Берілген материалдар хронологиялық бірізділікпен пайдаланылды. Архив құжаттарын орынды қолдану барысында объективтілік принципіне баса назар аударылды. Сондай-ақ жұмысты жазу барысында нақты-тарихи, мәселелі-хронологиялық әдістермен қатар, суреттеу-баяндау әдісі де қолданылып, зерттеуге алынып отырған мәселенің мәні мен сипатын ашуға талпыныс жасалды.

Талқылау. Кеңестік биліктің ауылшаруашылық саласындағы солақай саясатына қатысты объективті алғашқы зерттеулер ХХ ғ. 80-ші жылдарының аяғында орын алған қайта құру кезеңінде жариялана бастады. Мысалға, Қазақстандағы ашаршылықтың ақиқаты туралы академик М. Қозыбаев (Қозыбаев, 1992:272) және алаштанушы ғалымдар К. Нұрпейісов (Нұрпейісов, 1995:256), М. Қойгелдиевтің (Қойгелдиев, 1995:368), Қ. Алдажұмановтың (Алдажұманов, 2013:176-183) еңбектері алғашқылардың қатарында тарихи құжаттарды ғылыми айналымға енгізумен күнды болса, мәселенің біраз тұстарын ашуға С. Смағұлованың (Смағұлова, 1999:144) еңбектері септігін тигізді. Сондай еңбектердің біріне тарихшы, ғалым Т. Омарбековтың (Омарбеков, 1994:272) зерттеулерін жатқызуға болады. Бұл ғылыми зерттеулерде күрделі әрі ауыр сталиншіл-кеңестік кезеңнің қайшылықты тұстарының кейбір көлеңкелі, бірақ тарихымызда ұзақ жылдар «жабық» болып келген мәселелері жаңа, егемен елдің тарихы тұрғысынан қарастырылған. Сондай-ақ Т. Омарбековтің «20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті» атты монографиясында ХХ ғасырдың 20-30-жылдарында республикада кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген «Кіші Қазан», байларды төркілеу, шаруаларды күштеп ұжымдастыру сияқты төтенше саяси-шаруашылық науқандарын архив құжаттары мен материалдары негізінде талдау жасалып, ғылыми тұжырымдар түйінделген (Омарбеков, 1997:320). Ал, тарихшы О.Х. Мұхатованың еңбегінде аграрлық тарихнамаға сипаттама жасалса (Мұхатова, 1999:287), Е. Қуандықов өз зерттеуінде ұжымдастыру кезіндегі солақай саясатты көрсеткен (Қуандықов, 2002:120). Сол жылдардағы ел басына төнген ауыр демографиялық ахуал, өндірісті модернизациялау, саяси қуғын-сүргін мәселелері көптеген зерттеушілердің М. Асылбеков, Ж. Әбілғожин, Е. Сыдықов, В. Шепель, Қ. Атабаев, Ә. Ғали, демограф-ғалым М. Тәтім, жазушылар Б. Қойшыбаев С. Елубай, В. Михайлов, және т.б. ғалымдардың іргелі еңбектерінде жан-жақты сараптала бастады.

Сондай-ақ тақырыпты салыстырмалы зерттеу мақсатында ашаршылық тақырыбы аясында қалам тартқан ресейлік ғалымдар В. Кондрашин, Орта Азиялық зерттеушілер З. Урманов, А. Раджабовтардың еңбектері де қарастырылды. Сонымен қатар кеңестік саясат пен ондағы ашаршылық мәселесіне зерттеу жүргізіп келе жатқан шетелдік ғалымдар Роберт Конквест, Марта Брилл Олкотт, Стивен Уиткрофт, Изабель Огайон, Пианчиола және неміс ғалымы Роберт Киндлердің зерттеулері де мәселенің кейбір тұстарын ашуға септігін тигізді. Қазақстандағы ахуалға жақын келетін Украина және Қырымдағы ашаршылық тақырыбын зерттеушілер С.В. Кульчицкий, А.А. Форманчук, В.М. Брошеван, В.Г. Зарубин, А.В. Ишиндер оның басты себептерін РК(б)П-ның партияшілік күресі және жаңа экономикалық саясат, халық толқуларына қарсы күрес пен әскери коммунизм аясында қарастырады (Кондрашин, 2011:471; Конквест, 1988:621; Олкотт, 1987, 2-ое изд. 1995; Камэрэн, 2010 және т.б.).

Аталған отандық және шетелдік зерттеулердің әдіснамалық қағидалары мен тәсілдері әртүрлі болғандығына қарамастан, тақырып аясындағы зерттеушілердің тұжырымдары бір-бірімен тоғысып, сабақтасып жатқандығын байқауға болады. Олардың барлығында дерлік ортақ тұжырым – Қазақстандағы ғасыр қасіреті саналған алапат ашаршылықтың басты себебі кеңестік басқарудағы қателіктер; дәстүрлі шаруашылық жүргізудің ерекшеліктерінің есепке алынбауы; қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік заңдылықтардың, ең бастысы адам тағдырының есепке алынбауы айтылады.

Нәтижесі. Мақалада талқылауға алынып отырған заңға дейін Қазақстандағы, тіпті

жалпы алғанда КСРО-дағы ауыр жағдайға әкелген бірнеше заңдар қабылданды. Қысқаша соларға тоқталар болсақ, 1927 ж. соңында ірі бай шаруашылығын тәркілеу жөніндегі заң жобасын әзірлейтін арнайы комиссия құрылса, 1928 ж. көктемде Қазақстан Өлкелік комитетінің бюросы жаңа заң жобасын бірнеше рет қарап, бекітеді де, тамызда Өлкелік комитет кәмпескелеу науқанына тікелей басшылық жасайтын комиссия құрды. Оның төрағалығына Е. Ерназаров тағайындалып, құрамына О. Исаев, Н. Нұрмақов, Ғ. Тоғжанов, О. Жандосов және т.б. қайраткерлер мен белсенділер кірді. Көп ұзамай осы шараларды заңдастыру мақсатында Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі кәмпескелеу жөніндегі заң жобасын қабылдайды. Жаңа қабылданған Заң бойынша ірі байлардың малы мен дүние-мүлкі кәмпескеленіп, өздері жер аударылуға тиісті болды (Омарбеков, 1994:35). Бұл заңның соңынан іле-шала 30 тамызда қабылданған Қазақ АКСР ХКК-нің «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу туралы» арнайы қаулысына сәйкес аудандар анықталып, оның мерзімі бірнеше дүркін ұзартылып барып, жүзеге асырыла бастады. Көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандармен қатар кәмпескеленгендерді жер аударуға тиісті аудандар да белгіленді. Кәмпескелеу ережесі бойынша жер аударылғандардың толықтай сайлау құқығынан айырылды. Аталмыш шараны жүзеге асыру үшін құрылған комиссиялар мен оладың мүшелері кәмпескелеу барысында ережені барынша бұрмалады. Сөйтіп байлардан кәмпескеленген малдардың негізінде жаңадан кеңестік шаруашылықтар (кеңшар/колхоздар) құрылып, ауыл шаруашылығын модернизациялаудың нәтижесі ретінде дәріптелді. Сонымен, ХХ ғ. 20-жылдарының соңында жүргізілген қазақ байларын кәмпескелеу науқаны Қазақстандағы күшпен ұжымдастыру саясатының бастамасы болды. Байлардың байлардың малын тәркілеу ауыл халқының өсуіне ықпал етсе, ал керісінше ауқатты шаруа қожалықтарын кәмпескелеу мал шаруашылығының дамуына кедергі болды. Осы олқылықтардың орнын толтыру үшін БК(б)П Орталық Комитеті 1930 ж. 5 қаңтарда «Ұжымдастыру қарқыны және мемлекеттің колхоз құрылысына көмек шаралары туралы» қаулы қабылдады. Онда көрсетілгендей ОК жаппай ұжымдастыруды жүзеге асыру үшін КСРО аудандарын үш топқа бөлуге мәжбүр болды: 1-топқа ұжымдастыруға неғұрлым дайын деген таза астықты аудандар - Орта және төменгі Еділ, Солтүстік Кавказ аудандарын жатқыза; 2-топқа - Украина, Орталық қара топырақты облыстар, Сібір, Орал және Қазақстанның астықты аудандары; ал 3-топқа көшпелі қазақ ауылдары деп анықталды. Осылайша бірін-бірі толықтыра түскен, бірінің сорақылығынан екіншісі асып түсетін қаулылар жауыннан кейінгі саңырауқұлақтардай қабылданып жатты. Солардың бірі БК(б)П ОК Саяси бюросының 1930 ж. 15 қаңтардағы шешімімен құрылған арнаулы комиссия кулақтарды кәмпескелеу жөнінде бірқатар нақты шаралардың ең бастысы ретінде олардың иеліктерінен жер, мал, шаруашылық және тұрғын-үй құрылыстары, азық-түлік, жем мен астық қорлары кәмпескеге алатын болды.

Жоғарыда көрсетілгендей ұжымдастыру аудандары үш топқа бөлінсе, ендігі жерде кәмпескелеу науқанына да большевиктік және жоспарлы сипат беру үшін оның құрбандығына ілінетіндер де төмендегідей үш санатқа бөлінді және санатына қарай жазалау шарасы белгіленді:

- 1-санатқа жатқызылған контрреволюциялық белсенділер, көтерілістер мен террорлық әрекеттерді ұйымдастырушылар үшін қылмысына қарай азапты лагерьлер немесе ату жазасы;

- 2-санатқа - ірі бай-кулақтар жатқызылып, оларға КСРО-ның жекелеген аудандарына жер аудару жазасы;

- 3-санатқа - кулақ шаруашылығының орта және төменгі бөлігі саналатындар үшін тұрғылықты жерімен шекаралас, бірақ өз колхозынан тыс жерлерге қоныстандыру көзделді. Бірақ ұжымдастыру науқанын жеделдету барысында колхоздар санының күрт өсуінің салдарынан олардың аумақтары өзара енісіп кеткендіктен, іс жүзінде соңғы екі санат бір-біріне қосылып кетті (Ивницкий, 1994:267).

Осылайша мақсатты және жоспарлы түрде сатылай жүргізілген науқандық шаралар нәтижесінде 1932 жылы 7 тамызда Бүкілресейлік Орталық атқару комитеті (БОАК) мен КСРО Халық комиссарлар кеңесі (ХКК) «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздардың және кооперациялардың мүлкін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті қорғау туралы» қаулы қабылдады (Собрание законов и распоряжений Рабоче-Крестьянского Правительства СССР, 1932: 62, ст. 360). Қаулыға колхоз мүлкін ұрлағандарға «әлеуметтік

қорғаудың жоғарғы шарасы» – барлық мүлкін тәркілеу, ату жазасына кесу немесе 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы енгізілді. Тіпті, адамдар колхоз алқабынан аш балаларын тамақтандыру үшін уыс бидай ұрлауға маманданды. Сөйтіп бұл заң ел арасында «Бес масақ заңы» деп аталып кетті.

Халық арасында «Бес масақ заңы» немесе «Төңкеріс заңы» аталып кеткен Орталық Атқару Комитеті (ОАК) мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің (ХКК) «Социалистік меншікті қорғау туралы» 1932 жылы 7 тамызда қабылдаған қаулысы ауылдық жерлерде жүргізілген сталиндік репрессиялық саясаттың ең қасіретті көрінісі болып табылады.

Осы заңның мазмұны мен оның негізінде жүргізілген іс-ашараларға, қарапайым халықты қан жылатып, бай-қулақтарды, шаруа қожалықтарының мал-мүлкін талан-таражға салып қана қоймай, оларды жергілікті сот органдары арқылы қудалауға ұшыратып, жер аудару, соттау арқылы қуғын-сүргінге ұшыратқанын мақала барысында әзірге бір облыс – Қарағанды облыстық мемлекеттік архиві қорындағы құжаттар негізінде саралап, оның жергілікті жерлерде қалай орындалғанына талдау жасап көрейік.

Кеңестер Одағы құрылған күннен бастап мемлекеттік меншікті пайдакүнемдердің қолсұғушылығынан қорғау мәселелері кеңестік қылмыстық істер заңнамасының басым міндеттерінің бірі болды. «Социалистік меншікті ұрлау» ұғымының өзі Кеңес заңына 1932 жылы енгізілді. Ұжымдастыру, индустрияландыру және 1932-1933 жж. өздері туғызған аштық жағдайында колхоздарда жем-шөп пен азық-түліктердің ұсақ ұрлықтары үлкен көлемде орын алды. Осы жағдайға байланысты Кеңес үкіметі әлеуметтік меншікті қорғау бойынша төтенше қадамдарға барды. Сөйтіп 1932 ж. 7 тамызда ОАК мен КСРО ХКК бірлескен шешімімен «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздардың және кооперациялардың мүлкін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті қорғау туралы» Заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап сот органдары оның тікелей орындаушысына және бақылаушысына айналды.

Осы Заңға сәйкес кез келген социалистік меншікті заңсыз иелену заңда ұрлық, тонау, қастандық ретінде сараланды. Жаза ретінде өлім жазасы немесе жеңілдететін мән – жайлар болған кезде еңбекпен түзеу лагерлерінде 10 жылға дейін отырғызу көзделді. 1932 жылғы 7 тамыз Заңы бойынша сотталушының іс-әрекетін саралау үшін оның әрекеттерінің пайдакүнемдік және қастандық сипатын дәлелдеу талап етілді. «Бес масақ заңының» жеткілікті деңгейде кеңінен түсіндірілуіне байланысты (егер қылмыс кезінде, онда ұрлық, иемдену және басқа да социалистік меншікке қол сұғушылықтар белгілері болмаған жағдайда осы Заң бойынша емес, Қылмыстық кодекстің тиісті баптары бойынша жазаланған) оны іс жүзінде қолдану биліктің утилитарлық мұқтаждықтарынан туындады. Аталған Заң 1932-1934 жж. ұжымдастыру кезеңінде шаруаларды бағындырудың негізгі құралдарының бір түрі болып табылды. Бұл заңды негізінен колхозда астық, картоп және тағы басқа ұсақ азық ұрлықтары үшін ұсталған колхозшыларды жазалау үшін қолданылған (ірі және ұйымдасқан тонау контрреволюциялық қылмыс ретінде сараланып, анықтау үшін ОГПУ-ге берілді).

Мәселен, барлық өлке, облыс прокурорларына Республика прокуроры Вышинскийдың 1932 ж. 18 желтоқсан айында «ОАК мен ХКК-нің 1932 жылғы 7 тамыздағы жарлығында қарастырылған ұрлық істерін тергеу туралы» жолдаған әдістемелік хатына сәйкес, «1932 жылы 7 тамызда ОАК мен КСРО ХКК бірлескен шешімімен «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздардың және кооперациялардың мүлкін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті қорғау туралы» қаулысы әділет органдары мен тергеу органдарына өте маңызды және жауапты міндеттерді жүктеді, атап айтқанда, маңызды және қол сұғылмайтын социалистік меншікке қол сұғушылықты, таптық дұшпандық пен қоғамға қарсы элементтерден қатаң қорғауды талап етті.

Мемлекеттік және колхоздық мүлікті ұрлау - бұл мүмкін болған жерде социализм құрылысына соққы жасауға тырысатын тап жауының араздық белсенділігінің көрінісі. Еңбекшілер ортасынан ыдыраған және қоғамға қарсы элементтер мен тұрақсыз элементті ұрлауды ұжымдастыру және осы жолға тарту - қазіргі кезде таптық жаудың тактикасы. Оларға қулақтар, алыпсатарлар және зиянкестер жатады. Колхоз бен совхоз егістерінен нан ұрлау, кооператив ұйымдарының тауарларын ұрлау, зауыттар мен фабрикалардың өнімдерін ұрлау - бұл құбылыстардың бәрі бірдей және оларда әр түрлі формадағы таптық жаудың талпыныстары көрінеді. Олар қай жерде болмасын социалистік құрылысқа қалай зиянын тигізуге тырысады немесе оның дамуына бөгет жасайды. Сондықтан қоғамдық меншікті ұрлауға қарсы күрес - социализмнің құрылуы үшін таптық жауға қарсы күрес болып табылады.

Барлық сотталғандардың істеріндегі немесе оларды жазалаудағы ортақ қылмыс ретінде көбіне колхоз есепшісінің, бригадирдің және шаруалардың ауылшаруашылық жабдықтарына ұқыпсыз қарағандығы: айыр, күрек, тырма, соқалардың сынып қалуы, жөндеуден кейін ашық далада қалуы, қойма есігінің жабылмауы секілді айыптар тағылып, ондай адамдар 10 жыл ерзімге сотталған. Ал егерде егістік даласының мағайына жайылған мал, үй құстары байқалған жағдайда олардың иесі тап жауы ретінде іс қозғалып, қудалуға ұшырап, жер аударылған. Сот істері бойынша мұндай мысалдарды өте көп келтіруге болады.

1932 жылғы 7 тамыздағы заң социалистік меншікті тонағандарға қатал шараларды қодануды белгілейді: оларға қарсы аяусыз күрес, репрессияның басты шарасы ретінде ең жоғарғы шараны (высшая мера – ату жазасын) әлеуметтік қорғау шараларын қолдану – әділет органдарының осы саладағы жұмыстарының негізгі бағыты осы» (ҚОМА, 47:168), – деп көрсетеді.

Репрессияның жылдамдығы және оның қатыгездігі - қоғамдық меншікті тонауға қарсы күрестің сәтті болуының басты шарты. Ол тергеу органдары мен соттың барынша белсенділігін талап етеді. Тергеу органдарының жұмысының сапасына сот шығарған үкімдердің сапасына көп дәрежеде байланысты болады.

Тергеу сапасы, әсіресе осы істер бойынша, ең жоғары биіктікке көтерілуге тиіс еді, өйткені тек бұл жағдайда ғана әділет органдары сот репрессиясының соққысының барлық күшін елеулі қолайсыздық бар учаскелерде және шын мәнінде дұшпандық жұмыс істейтін адамдарға қатысты қарсы қолдана алады.

Барлық еңбекшілердің 7 тамыздағы декреттің жалпыға бірдей сезілуі мен Пролетар және колхоз қоғамдастығының осы декретті іске асыру жөніндегі әділет органдарының жұмысына деген қызу назары тергеу органдары тарапынан өзінің жауапкершілігін және олардың күш-қуатын барынша көрсетуін ерекше талап етті.

Алайда, Республика прокуратурасының қарамағында бар деректер тергеу органдары осы сәтке дейін өз жұмысын толық көлемде ұйымдастыра алмай, жұмыстың қажетті және орынды әдістерін игере алмағанын атап көрсетеді (ҚОМА, 47:168).

Барлық күрделі қылмыстық істер бойынша атап өтілетін тергеу сапасының артта қалуы (Республика Прокуратурасының № 1 этикалық хатын қараңыз), ұрлық туралы істер сияқты маңызды істерді тергеу саласында да әсер етеді. Осыдан - сотқа жіберілетін сапасыз тергеу материалы, дәлелдемелерді жинау бөлігі бойынша тергеу сапасының төмендігі байқалады. Осыдан істің сәйкессіздігі бойынша үкімдердің күшін жоюдың жоғары пайызы (Верхудтың қассасы бойынша 30%/қассалық тәртіптегі барлық қаралған істер туралы), мен социалистік меншікті ұрлау сияқты аса маңызды қылмыстарға қарсы күрестің тиімділігін төмендету болып табылады. Қылмысқа қарсы күрестің осындай жағдайына жол берілмегенін арнайы атап өту керек, тергеу органдарының осы жұмыс учаскесін тергеу тәжірибесінен қателіктері бар жұмыстарды дереу жою бағытында батыл іс-әрекеттер жасау қажеттігі көрсетілді.

Әдістемелік нұсқау хат Үкіметтің 7 тамыздағы қаулысына сәйкес, осы хаттағы барлық ұрлықты тергеу әдістеріне қатысты нұсқауларды тергеу органдарының қызметкерлері мұқият білуі керек болды, олар қылмыстық істердің осы ең маңызды санатын тергеудегі елеулі кемшілікті істерді жүзеге асыруға кедергі келтіретінін есте ұстауы керек. Әділет органдарына партия мен үкімет жүктеген социалистік меншікті қорғауды міндеттеді. Бұл хат прокуратураның камералық отырыстарында әзірленіп, аудандарға шығарылып, әр тергеушіге жеткізіліп, тергеу органдарының барлық қызметкерлерімен бірге талқылану қажеттігі қатаң ескертілді (ҚОМА, 47:177).

Мәселен, осы 7 тамыз қаулысына сәйкес сотталғандарды кәмпескелеу керектігі туралы түсіндірме берілген. Қаулының анық түсіндірілуі бойынша қоғам мүлкін ұрлаушыларға қосымша қоғам қорғау қажетінде кәмпеске қолданылады.

Барлық аудандық прокурорлар мен соттарға берілген нұсқаулықтар бойынша берілген тапсырмаларда мына жайттарға баса назар аудару қажеттілігі тапсырылды: сотталған адамның қараған мал-мүлкімен қатар үй мүліктерінің барлығы кәмпескеленеді, бірақта өз басында тұрған (егер оның отбасы еңбек кәсібімен күн көріп жүрсе) адамдарындағы онымен қатар сотталған адамға оның үй ішіне тіпті өте қажетті заттардан киім-кешек, көрпе, жастық, ыдыс-аяқ және осылар кәмпескеленбейдігін, мұның ішіне заттық нәрселер кірмейді, басқа заттар ғана кәмпескеленеді.

Сотталған еңбекшілердің мәселен (кедей, колхоз мүшесі жұмыскер, қызметкерлердің)

бұларға кәмпеске қолданылады, бірақта бұлар турасында айырма бар, бұлар туралы нақты сотталған адамның өзіне қарайтын мал-мүлкі ғана кәмпескеленеді, бірақта сотталған адамның мал-мүлкі басқа адамдармен бірлескен болса, одан сол адамның өзіне қарағаны ғана ақшалай, үй мүлікіндей кесіп істейтін амалдары тағы-тағылары болуы мүмкін (ҚОМА, 47:26).

Осындай мазмұнда берілген келесі 1932 жылғы №193 нұсқаулық хатта берілген талаптардың 7 тамыздағы «Бес масақ заңының» негізінде күшейтілетіндігі қатаң ескертілді. Хаттай жазылғандай қалың көпшілікті кеңес орындарының күнделік жұмысына тарту төңкеріс заңын нығайту социалдық (қоғам) мүлкін шашып жоғалтушыларға саудагершілікпен аяусыз түрде күрес жұмысын ұйымдастыруындағы партия мен үкіметтің деректемелері автономиялы республикалық және облыстық прокурор орындарынан еңбекшілердің прокурор орындарының ұсыныстарына күнбе күн қатынасып отыруды қамтамасыз етуі жайында тыянақты шаралар қолдануы айтылды.

Сонымен қатар жұмыскер колхозшылар және басқа еңбекшіл жұртшылығының прокурор орындарының жұмысына қатынасу түрлерінің бірі прокурор орындары қасындағы ұйымдастырылатын жәрдем топтары құрылды.

Осының нәтижесінде 10 қыркүйекте заң комиссариатының алқасы жергілікті прокурор орындарының жәрдем топтарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі тәжірибе жұмысының қорытындысын жасады.

Прокуратура мекемелерінің жәрдем топтары туралы жалпы республикаға бірдей шығарылған жер жерлерде Ереже бекітіп жәрдем топтарын ұйымдастыру жөнінде көпшілік заңы жүргізіліп барлық еңбектер, төңкеріс заңы үшін күрес жұмысына жегілсін деген қаулы шығарды.

10 қыркүйек күні өткен заң комиссариаты алқасы жәрдем топтарын ұйымдастыру жұмысын дұрыс жолға қою аса маңызы зор іс екендігіне көңіл аударды. Онда заң орындарына социалистік тұрмысқа түрлі жаңа әдістер, түрлі жолдар мен шаруа жасап зиянкестік істеуші тап дұшпандарының қалдықтарымен аяусыз түрде күресіп, тап жолын дұрыс қолданып, дұшпандарға мезгілінде соққы беріп оларға қатаң шаралар қолдана білуге және еңбекшілерге дұрыс көз қарас қалыптастыратындығы айтылады.

Заң орындары өздеріне жүктелген бұл саяси терең жауапты міндетті атқарып шығуы үшін жәрдем топтары арқылы әрбір өндіріс орны мен колхоздар, МТС және жол қатынас орындарымен тығыз байланыста жүргізулері қажет делінді.

Сондай-ақ хатта жәрдем топтары прокурорларға ең жақын көмекшісі болып табылатындығы, әсіресе олар құрылыс, пароход, совхоз, колхоз және МТС- шұғыл қызмет атқарушы жәрдем топтарынсыз және белсенді жақсы іскерлер колхозшыларды, кеңес заңдарының дұрыс орындалуы үшін іс жұмысына қатынастыра отыры, оларды бұл іске тартпай, прокурорлар өздеріне жүктелген барлық міндеттерді көңілдегідей толық орындай алмайтындығы ашық жазылды.

Аталған хатта Республика прокуроры:

«1. Облыстық (өлкелік) партия комитеттері мен келісіп жәрдем топтарын ұйымдастыру, олардың жұмысын өркендету туралы науқан жүргізіліп, бұл туралы істеген істің жинағын 1/1-33 заң комиссариатына тапсыруға;

2. Өндіріс орындарында колхоз, совхоздар және заңға орындарда прокурор орындарының міндеттері туралы баяндамалар қоюға партия және үкіметтің төңкеріс заңы туралы шығарған қаулысы және затты мүлікті сақтау, саудагершілікпен күресу жөнінде шығарылған бойынша баяндамалар қоюды мақсат қалың көпшілікті тамыз заңын бұзушылармен белсене күрес жұмысына шығу прокурор орындарының беделін күшейту керектігі айтылды

3. Сайланылған жәрдем топтарының құрамасын жұмысқа кірісер алдында түрлі нұсқаулармен қамтамасыз ету үшін қысқа мезгілде үйренушілер өткізілсін төмендегі прокурорлармен: Ұйымдастырылу құрылысы прокурор орындары, сот және еңбек туралы заңдарының негізгі міндеттері. Заң орындарының жұмысына көпшіліктің қатынасы: «Жәрдем топтарын» ұйымдастыру және олардың жұмысы жәрдем топтарының жайы туралы баяндамалар бойынша шыққан заң комиссариатының 10/9 – дегі қаулысын талқылау. Аудандық және қалалық прокурорлардың 33 - жылғы жұмыс жоспары Орталық партия комитетінің сентябрь пленумының және қараларын және 25/VI – 7/VIII - 22/VIII – дағы қаулыларды жүзеге асыру үшін жәрдем топтарын құру ісіне өте-мөте көңіл бөлінсін.

4. Жәрдем топтарының істеріне күнбе-күн тоқтаусыз жол бастап отыру қамтамасыздандырылсын олармен кең түрде жиналыстар өткізіп, жол жоба нұсқаулар беріп топтар болмаса аудандық жиындар шақыру сот саясаты туралы жалпы мәселелер жайында ағымдағы сот тергеу, прокурор тәжірибелері жайында оларға нұсқау жолдары мен жол басшылық істеп отырылсын, - деген нұсқайлықтар берілді (ҚОМА, 47: 30-31).

Құжатта көрсетілгендей «Бес масақ заңына» сәйкес «Социалистік меншікті ұрлаушының» ісін қарауда және орындауда тергеушілер барынша жылдам тергеу жұмыстарын жүргізу үшін жәрдем арнайы «Жәрдем топтары» құрылды.

Осыған орай қылмыстық іс бойынша сот ісін жүргізу кезінде жаппай қолдануға ие болды және тергеушілерден істі мейлінше тез жүргізуін талап етті. Мысалға, Қарағанды облысының прокуроры Абдолиннің Есіл ауданының тергеушісі Әбенұлы мен прокурор тергеуші Ақжжанұлына және басқа барлық прокурор тергеушілерге жолдаған хатында былай делінген: «Сіздің 33 жылдың 31/1-ндегі 7/VIII август законы бойынша берген мәліметтеріңізден төмендегі көрінеді: 20/1-30/1 арасында 7/VIII август законы бойынша милиция орнынан 11 жұмыс түскен, оның 3 бітіп, 8 бітпей қалған, ал тергеушіден бірде жұмыс түспеген. Бұл жұмыстарды тергеудегі болған уақытын қарағанда алды 40 күнде бітірілген. Осы жағдайды қарағанда аудандық тергеушінің прокурордың 7/VIII август заңына жататын жұмысқа басшылығының жоқтығы көрінеді, тек қолға келген жұмысқа ғана ие болып мәліметін берумен қанағат етілген, 15 күнде тергеу бітіріліп отырылсын делінген дерек аяқ асты болған. Екіншіден тергеуші өз бетімен жұмыс бітіріп тергеуін бітіріп сотқа тарту жұмысы болған, оған дәлел 10 күнде бір жұмыс бітірмеген тек қолды қосырып бітірмей отырған 8 жұмысты бітіруді міндетім деп санамаған. Тергеуші Әбенұлы мен прокурор Ақжжанұлының бұл ісіне ілгеріде шыдауға тіптен мүмкіндік жоқ. Сондықтан облыстық прокурор сіздерге қатты сөгіс жариялау мен қабат төмендегіні бұйырады:

1. Алдымен милиция орнының қолында бітірілмей отырған 8 жұмысты тезінен алып тергеу жүргізіп қоймай 208 статьясы мен сотқа түсіруге, бұдан былай тек жұмысты милиция арқылы тексерумен қанағат етпей алдын ала тергеу жүргізіп отыруға.

2. 7/VIII август заңына жататын жұмыстардың тергеуін милицияға тергеу орны сот орындарында қылмыс айтылғаннан бастап 15 күн ішінде бітіріп отыруға.

3. 10/11-қарсы тергеу орнында, милиция орнында, сот орнында қаралған тергеуі анықтамасы бітірілмей отырылған жұмыстардың тізімін жіберуге, қашан басталған, айыпкер қанша, ұрланған бүлінген соманың мөлшері қанша, бітірілмеген себебі не, айыпкерлердің қал- ауқаты, жұмыс саны осылар түгел көрсетілсін.

4. Жұмыстың тергеуін жүргізгендері ат үсті қараушылардың болау тергеуінің сапасы көбі жағдайы, түгел тергелуіне өте назар аударылсын.

5. Осы көрсетілген жағдайлар орындалмаса болған қателік қайталанатын болса ілгеріде аяусыз сотқа тартуға дейін шара қолданатындығымды ескертемін», - деген (ҚОМА, 28:47:58).

Байқап отырғанымыздай 1932 жылғы 7 тамыз Заңына сәйкес, «Социалистік меншікті ұрлаушының» ісін тергеушілер барынша жылдам тергеу жүргізуі, ал олай болмаған күнде олардың өзі де жауапқа тартылатындығы туралы қатаң ескертілген.

Архив құжаттарына терең үңілген сайын «Бес масақ заңы» қысқа мерзім аралығында одақтық, республикалық, өлкелік, облыстық, аудандық рокуратураның қылмыстық сот істерінде бірден жаппай қолданысқа ие болғандығына және олардың өрескел бұрмалаушылықпен жүргізілгендігін байқаймыз.

Егер осы заңның орындалуын салыстырмалы түрде қарастырар болсақ, ресейлік зерттеуші В.П. Поповтың көрсетуі бойынша тек қана РСФСР-де «Бес бидай масағы туралы» (оның ресми емес атауы «о пяти колосах») Заң бойынша 1932 жылдың бес айында 22,4 мың адам, 1933 ж. – 103,4 мың адам, 1934 ж. – 37,7 мың адам, 1935 ж. – 12,8 мың адам сотталған екен (Попов, 1992:26).

Қазақстандағы ахуалды болжау мақсатында «Социалистік меншікті қорғау және күрес туралы Әділет органдарының жұмысы туралы баяндамасының тезисінде берілген «7 Тамыз Заңы бойынша аудандық соттар мен Халық соттарының жазалау саясаттарының сараптамасы» мәліметтеріне талдау жасау барысында республикада бұл процестің жоспардан тыс орындалғанын байқау қиын емес. Айтылған мәліметке толық көз жеткізу және талдау үшін мына кестеге көз жүгіртейік.

Кесте 1 – Облыстық халық соттарының 7 тамыз заңы бойынша жазалау саясатының сараптамасы (ҚОМА, 47:15).

Облыс атауы	Барлық сотталғандар	Оның ішінде кулактар мен басқада тап элементтері және т.б.		Ең қатаң жазалау шарасы бойынша сотталғандар		10 жылға сотталғандар		10 жылдан аз мерзімге сотталғандар		Мәжбүліенбе кпен өтеу және шартты түрде сотталғандар		Ескертулер
		барлығы	%	барлығы	%	барлығы	%	барлығы	%	барлығы	%	
Алматы обл. соты	147	52	35,3	37	25	98	68	-	-	-	-	
Халық соты	103	502	23,8	-	-	253	12	1129	53,6	475	22,5	
ШҚО соты	146	14	9,5	33	22,5	57	39	14	9,5	7	4,7	
Халық соты	1582	92	5,8	-	-	632	39,9	628	41,5	78	4,8	
Ақтөбе обл. соты	78	16	20,5	28	36	18	23	9	18,5	-	-	
Халық соты	1199	125	10,4	-	-	622	51,8	398	33	157	13	
Қарағанды обл. соты	222	74	62	81	36,5	93	41,9	47	21,6	-	-	
Халық соты	2447	248	7,4	-	-	1062	42,5	651	30,5	550	25,7	
БҚО соты	178	28	15,7	26	14,6	36	20,2	76	42,7	26	14,6	
Халық соты	655	86	13,1	-	-	15	2,2	411	62,7	189	28,8	
ОҚО соты	96	36	37,5	34	35,4	23	24	7	7,2	1	1	
Халық соты	691	160	23,1	-	-	125	18	311	47,9	101	14,6	
Обл. соттар	764	220	28,7	217	28,4	232	30,3	123	16	34	4,4	
Халық Соттары	8366	1125	13,4	-	-	1891	22,6	3578	42,7	1550	18,6	
Өлке бойынша барлығы	9130	1345	14,7	217	2,3	2123	23,2	3701	40,5	1584	17	

Кестедей көрсетілгендей небәрі Қазақстанның 6 облысы бойынша сотталғандардың саны – 9130, оның ішінде кулактар мен өзге тап элементтері – 1345, ең жоғарғы жаза бойынша сотталғандар (ату жазасы - С.Ж.) – 217, 10 жылға сотталғандар – 2123, 10 жылдан аз жылға сотталғандар – 3701, мәжбүрлі еңбекпен өтеу жұмысына және шартты түрде сотталғандар – 1584 адам.

Ендігі кезекте осы сотталғандардың тергеу ісінің сипатына қарай берілген мәліметтерге тоқтала кеткеніміз жөн болар.

Осы кестеде берілген мәліметке сәйкес, сотталғандардың басым көпшілігі колхоз мүшелері яғни шаруалар екенін көруге болады.

Себебі, оларға колхоздың әбден тұралаған мініс немесе жұмыс аттары мен өгіздерінің өлгені, трактордың жарамсыз болып қалуы, егістіктің уақытында орылмауы және т.б. болмашы себеп-салдарлар үшін жауап беруге, тіптен нақақтан жала жабылуы да өте оңай еді де, сол үшін жазасын өтеуге кесіліп жатты.

«Бес масақ заңы» бойынша жазаланғандардың арасында астық тасымалдауға қатысқан арбакеш, тракторшы, жүргізушілер мен жүкшілер, астық қоймаларының қызметкерлері, саудагерлер және т.б. астықты тасымалдау барысында ұрлық жасады, социалистік меншікті талан-таражға салды деген айыппен сотталды. Ал солардың ісіне дұрыстап үнілсең, жауапқа тартылардай қылмыс таппайсың. Астық жинау, орақ ору науқанында сотталғандардың басым бөлігі үйдегі бала-шағасына бір уыс масақ, бидай, тары, арпа алғандар. Сондықтан қырағылықты күшейту мақсатында арнайы нұсқаулықтар мен

Кесте 2 – 1932 жылғы 7 тамыз заңы бойынша сотталғандардың істері бойынша іс сипаттамасы туралы мәліметтер (ҚОМА, 47:16).

Облыс атауы	Өндірістік меншікті талан-таражға салғаны үшін сотталғандар	Совхоз меншігін талан-таражға салғаны үшін сотталғандар	Мемлекет меншігін	Колхоз меншігін	Су көліктерін	Кооперация меншігін	Т.ж. көлігін	Авто көлікті
Алматы обл. соты	4	1	-	25	-	3	-	-
Халық соты	-	120	31	249	-	17	3	2
ШҚО соты	225	117	29	878	9	92	33	9
Халық соты	-	11	-	-	-	-	-	-
Ақтөбе обл. соты	-	11	-	-	-	-	-	-
	-	14	1	118	-	18	-	7
Қарағанды обл. соты	17	117	12	1356	-	56	5	3
Халық соты								
БҚО соты	Мәліметтер жоқ							
Халық соты								
ОҚО соты	-	-	-	2	-	-	-	-
Халық соты	-	1	-	19	-	-	-	-
Обл. соттар	236	381	73	2647	9	186	45	21
Халық Соттары								
Өлке бойынша барлығы	236	381	73	2647	9	186	45	21

қосымша бұйрықтар қардай жауып, үсті-үстіне тапсырмалар беріліп жатты. Мәселен, 31/III. 33 ж. Қарағанды облысының прокуроры Подаренконың барлық аудардың, оның ішінде Қарағанды ауданының сот прокурорларына «Егістік туралы» жолдаған хатында көрсетілгендей жергілікті орындардан түскен мәліметтерге қарағанда тракторды сындыру, жылқы малын өлтіру, мертіктіру туралы қылмыстар бойынша соттар қылмыстық заңның 128-статьясын қолданып, қоғам қорғау шарасын бұл статьямен берілетін қ.қ. шарасынан артық қолданып 10 жыл тұтқын жазасын берілетіндігін айтып, облыстық сот прокурорына мынадай түсіндірме береді:

2. СССР Орталық атқару комитетінің осы жылғы 30/1- дегі қаулысы бойынша, ауыл шаруашылық жұмысын біле тұра орындамаушылар тұқым қорды сақтамай зиянкестік істеу мақсатымен жерге тиісті нормасынан кем сеуіп, жерді зиянкестік ретінде дұрыстап жыртып алушылар, трактор және жылқы малын дұрыс сақтамай сындырып, мертіктіріп өлтіріп кемітушілер немесе арықтатып өлмендей қылып тастаушылар, осылардың салдарынан егістік шығымы кем болмақшы. Бұл сияқтылардың қылмысы үкіметтің 7/VIII - 32 жылғы қаулысы бойынша қаралады;

3. Жоғарғы аталғандай қылмыстарды егістікке дайындық жұмысына кедергі келтіруден машина, трактор оңдау жұмысына кедергі келтіруден, онымен қатар оңдаған машина тракторлар егіске алғашқы шығуда, сынып қалуда, жылқы, қыс көлігін оған азық дайындауда кедергі істеушілер туралы сот прокурор орындары қылмыстарды үкіметтің 7/VIII-32 жылғы қаулысымен қарау керек. Бұл сияқты істерді, жоғарғы соттың

нұсқау және 7/VIII - 32 жылғы үкімет қаулысының негізі бойынша тиісті сотқа берілсін» (ҚОМА, 47:62).

Мұндай мәліметтер академик М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» еңбегінің екінші томында 1932-33 жылдарға қатысты құжаттық материалдар көптеп берілген. Монографияда келтірілген сол кезеңнің тірі куәгерлерінің естеліктерінде де республика шаруашылықтарындағы барлық саяси науқандарды 100% орындалғанша жалғастырып, оған дейін колхоз саудасын бастамау туралы шешім қабылданғандығы және қазақ жұрты Кеңес билігінен зорлық, тонаудан басқа ешқандай жақсылық көріп отырмағандығы айтылады. Жаңа биліктің мұндай ұстанымы жағдайында қазақтар халық ретінде қырылып бітіп, жоқ болатындығы, аштық туралы, жер жерде өліп жатқан оларды сағқын, оппортунист атайды, шаруашылықтағы саяси науқанға кедергі келтіруші ретінде айыптайтындығы жөнінде нақтылы дәйектермен берілген (Қойгелдиев, 2017:556-557).

Сонымен, берілген деректер негізінде Кеңес үкіметінің 1932 жылғы 7 тамызда «Бес масақ» немесе «Төңкеріс заңының» жүзеге асырылуы барысында жергілікті сот орындарының социалистік мүлікті қорғау бағытында атқарған науқандық жұмыстары ауыл шаруашылығының құлдыратып 1932-33 жылдардағы аштыққа, одан кейін кезекті саяси қуғын-сүргінге алып келгеніндігі туралы пайымдау жасауымызға болады.

Кеңестік биліктің жергілікті жерлердегі зобалаңға толы істері туралы сот орындарының құжаттарымен танысқан сайын жаныңды түршіктіре түсері анық. Мысалға, 1932 жылғы қарашадағы «Өлкелік және аудандық соттар мен жоғары соттарға» келген шұғыл хатында 7 тамыздағы ОАК мен КСРО ХКК бірлескен шешімімен қоғамдық/социалистік меншікті қорғау туралы қаулысына сәйкес, колхозды және колхозшыларды кулак және тағыда басқа қоғамға қарсы элементтердің зорлығынан қорғау міндеті қойылды. Тамыз қаулысы кулак және т.б. қоғамға қарсы элементтердің жасаған қылмыстарын мемлекеттік қылмыстармен теңестіріп, оларға концентрациялық лагерьлерге 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандықтарынан айыру туралы соттау репрессияларының шарасы қолдану міндеттелді. Сондай-ақ РСФСР Жоғарғы соты Сот органдарының материалдарына қарап колхоздарды қорғау және нығайтуда қылмыстармен күрес кезінде 7/VIII-32 ж. Заңның талап ететін барлық мүмкіншіліктерді қолданбағанын айқындап, Жоғарғы сот Сот төрағаларының жеке жауапкершілігіне қылмыстармен күрес кезінде сот тәжірибесін қоғамдық (социалистік) меншікті қорғауда және күресуде нақты күрес жүргізу керектігін талап етті. Біріншіден, шұғыл түрде колхоздар мен колхозшыларға қатысты зорлық-зомбылық қатері туралы істерді жедел түрде арнайы есепке алуды, бұл қылмыстардың квалификациясына қарамастан, 7/VIII-32 ж. Қаулысына сәйкес немесе ҚК-58-8, 58-10, 3-І б, 1 және 2 баптары бойынша және екіншіден 7/VIII Заңына сәйкес істер бойынша сот практикасын жүргізуді үйрету және РСФСР Жоғарғы Сотына Шығыс - Сібір өлкесі, Моңғолия – Бурят, Қазақстан, Қырғызстан және Якутия І/ІІ-33 ж. кешіктірмей қорытындылары туралы баяндау керектігі айтылды (ҚОМА, 47:73).

Осылайша ауыл шаруашылық саласында ұрлықпен қатаң, аяусыз күрес жүргізу өз нәтижесін бермей қоймады. Сондықтан, 1933 жылы 8 мамырда КСРО ХКК мен БКП ОК ауылдарда ұйымдастырылған саяси қуғындау органдардың өкілеттілігін айқын шектейтін «Ауылдардағы өткір түрдегі репрессиялар мен жаппай жер аударуды тоқтату туралы» № П-6028 нұсқауын шығарып, оны «күпия» белгісімен облыстарға таратып, жаңа тапсырмалар берді.

Солардың бірі, 1933 жылғы 3 маусымдағы РСФСР комиссары Киреленконың «Өлкелік, облыстық және бастық соттар ағаларына» және «Өлкелік, облыстық жаңа автономиялы республика прокурорларына» - деп жолдаған №36/с. күпия нұсқауында былай делінген. «Халық Комиссарлар Кеңесі мен Орталық партия комитетінің тараптарынан берілген қаулыда егінді ұрлаудан сақтау мәселесіне зор көңіл бөлінген. Орталық партия комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесі барлық жазалау-сот орындарын колхоз бен совхоздың егінін барлық ұрлаушылар мен жоюшылардан қоғам мүлкін қору туралы 1932 жыл 7 августтағы заңды қатаң түрде қолданып отыруға міндеттеді» (ҚОМА, 47:154).

Заң орындарының қызметкерлеріне арналған бұл дерективтік құжат үкімет пен партияның қатаң бұйрығы ретінде бұлжытпай ең қатаң түрде орындалуға тиіс болды. Бірақ Заң орындарының егінді аман сақтау күресіндегі міндет-мақсаты, егінді ұрлап-жоюшыларды жауапқа тартып соттаумен ғана бітпейтіндігі де назардан тыс қалдырылған жоқ.

Социалистік меншікті, әсіресе егінді қорғау жолындағы «күрес партияның ОК мен ХКК-нің – колхоз бен совхоздың егінін тік тұрғанда да, орып жинауда да, бастыруда да,

тасуда да ұрылардың, жалқаулардың, кулактардың және олардың құйыршықтарының ұрлауынан қатты күзетіп қорғауды ұйымдастыру туралы қойған шартының орындалуы» барысында жалғасын табатындығы қатаң тапсырылды.

Келешекте жиын-терім, орақ т.б. науқандарда жүргізгенде Заң орындарының ОК мен ХКК 8-ші мамырдағы нұсқауында көрсетілген қателіктерді, одан кейінгі 7 тамыз заңын іс жүзіне асыруда жіберілген қателіктерін қайталамас үшін Заң комиссариаты төмендегідей шараларды қолдануды бұйырды:

1 Ұйымдастырушылар және қатысушылар міндетті түрде 7 тамыз заңы бойынша жауапқа тартылуға тиіс:

- а/ Қару жарақ пенен ұрлаушылыққа,
- б/ Ірі яки үнемі жасалған ұрлықтарға,
- в/ Бандалардың яки ұйымдасқан топты адамдардың жасаған ұрлықтарына,
- г/ Кулак және т.б. элементтердің ұйымдастырған ұрлықтарына,
- д/ Колхоздардың яки совхоздардың қызмет адамдарының қатысулары мен ұйымдастырылған ұрлықтарын да;
- е/ Ірі ақша жоюшыларға ұрлаған қоғам мүлкімен алып сатушылық кәсіп қылушыларға, сәудагерлерге, - деп нақты жіктеп көрсетілді.

Бұйрықта көрсетілген адамдарға жаза толығымен қолданылуға тиіс болды. Сонымен қатар жою және ұрлауға қатысты басқа істерді қылмыс заңының 162-статьясының «г» және «д» тармақтарымен жүргізілуі, оның ішінде осы тармақтарда көрсетілген ауырлататын белгілер болмасада сол санатқа жатқызылды.

Бұйрықта екіншіден, егінді қоруды дұрыс ұйымдастырмағандар мен оны жоюға, ұрлауға көмектескен қызмет адамдарына 7 тамыз заңы тек мына жағдайда ғана, егер нашар жалпы яки ірі ұрлаушылық болғанда қолданылуы тиіс, ал басқа жағдайларда қызмет бабындағы қылмыстардың баптары қолданылуы айтылды.

Үшіншіден, Одақтық ХКК мен ОК-тің қаулысы астықты тікелей қору міндетін колхоздың даладағы бірігушілері осы маңызды міндетті орындауда толық жауапкер болатындығы айтылды. Көрсетілген адамдарды міндетін орындауды қамтамасыз етпеген деп тауып, оларды жауапқа тартқанда қызмет басындағы қылмыстар туралы баптар бойынша тергелді. 7 тамыз заңына сай тек зұлымдылық істі күнде яки колхоз-совхоздарға кіріп алып онда бірігушілер қызметіне тапшылық дәлелімен қарсылық етуші кулактарға қолданылды.

Орташа кедейлер қызмет қылмыстарымен жауапқа тартқанда еркінен айырып, дүниеге қорлық іспен ауыр қылмыс жасаған адамдарға ғана қолдануға тиіс болды.

Аталмыш бұйрықта көрсетілгендей, дүние қоңыздықпен, жауыздықпен бірге ұрлау жұртшылыққа ақтардың әскерлері /белогвардеец/, бұрынғы помещиктер және кулактар бәріне қол сұғумен ұйымдастырылған, кеңеске қарсы үгіт жүздесуімен істелген ұрлыққа 7 тамыз Заңы қолданылуымен қатаң жаза қолданылуы керек. Сот және прокурор бақылау қызметкерлері әрбір күндегі іске жеке жағдайымен санаса отырып бітірулері керектігі, соққыны қалай тәуір жұмсауын білулері және сот пен прокурор бір өздеріне келіп түскен жеке істерді айыра білулері керектігі де тапсырылды (ҚОМА, 47:155-156)

Айтылғандармен қатар Одақтық ХКК мен ОК тағайындаған - астықты орып жинау мерзімдерін қолданбау қызмет адамдарының былықтықтарынан болмаса, көбіне қызметін істемей отырғандығынан науқанды ақсату үшін жауыздық ниеті болғандығынан, не болмаса еш жұмыс жүргізбегендігінің салдарынан жұмысты ақсатқандығын сот пен прокурор көрсетулері тиіс болды. Бұл жағдайда қылмыс заңның -58-14-баптарымен, яғни төңкеріске қарсы саватаждық қолданылуы керек, екіншісінде қызмет қылмыстарының 111-112-баптары қолданылды.

Осы архив қорында сақталған Республика прокурорының ат көліктерді сақтау жайындағы 5 ақпандағы № 26 және 28 наурыздағы №132 дерективтерінің негізі бойынша тракторларды жөндеу және ору жұмысына жұмыс көліктерін әзірлеу үшін күрес туралы мәселеде тура жоғарыдағы талаптармен орындалуға тиісті болғанын байқаймыз. Жазалау шаралары қалай болса солай есепсіз қолданылмай жұмыстар тамыздың және пар айдау егін аралықтарындағы есептерді күту яки кейбір жерлердегі ору науқандарының дұрыс жүру-жүрмеуіне себепкер болатын қылмыстарға қолданылатын қылып, онысын Заң орындарының ұйымдастыруы шаруашылық жайларында тапқан кемшіліктері жайында тиісті орындарға дереу дабыл қағып отыруларын қамтамасыз ететін қылып, Заң орындарының өздерінің жұмыстарында дұрыс жолға қоюларын қамтамасыз етуге баса назар аударылды. Заң орындары МТС-тар мен совхоздардың саяси бөлімдерімен тығыз байланыс жасауына да көгіл бөлді.

Заң орындары ауылдық қоғам, колхоз соттарын өндірістік жолдастық соттарды, прокурорлардың жәрдемші топтарын, сот еместілерін, төңкеріс заңы ісінен тағы басқаларын жоғарыда айтылған нұсқаулықты басшылыққа алды (ҚОМА, 47:157).

Қорытынды. Мақаланы жазу барысында байқағанымыздай «Бес масақ заңы» және

оның орындалуы барысындағы жазалаушы міндетін атқарған сот орындарының қызметіне күні бүгінге дейін қазақстандық тарихнамада ғалымдар тарапынан толықтай назар аударылмаған тақырып. Тіпті кешегі Одақтас республикалар арасында алғашқылардың бірі болып 1992 жылы 9 желтоқсанда ҚазОАК мен ҚАКСР ХКК-нің 1928 жылғы 29 тамыздағы «Бай шаруашылықтарды тәркілеу туралы», 1928 жылғы 35 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу және жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы», 1930 жылғы 19 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулыларын зерттеу жөніндегі академик М.Қ. Қозыбаев төрағалық жасаған ҚР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы комиссиясының қорытындылары мен ұсыныстары туралы 5 пункттен тұратын Қаулысы және баспасөз беттерінде жарық көрген Комиссияның қорытындысында да (Егеменді Қазақстан. 22 желтоқсан 1992) бұл заң туралы айтылмаған. Сол Қорытындыда «XX ғасырды тітіреткен сұмдық қасіреттердің жан түршігер тізімінде большевиктердің шаруаларды жазалау шаралары, украиндық «аштан қыру», халықтарды Сталиндік жер аудару, маолық – «мәдени революция», полпотшылдық сияқты адамзатқа қарсы қылмыстармен қатар қисапсыз қасіретті бастан кешірген Қазақстан халқы жөніндегі қырып-жою әрекеттері де ешқашан естен шықпайтына» баса назар аударылды. Осы уақыт аралығында Қазақстан қасіреті туралы қаншама зерттеулер жарық көргенімен, оның кейбір тұстары әлі де болса тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Мәселеге тікелей және жанама қатысы бар тарихи әдебиеттер мен архив құжаттарын сараптай келе XX ғ. 30-жылдары Кеңестік билік байлар мен кулактарды тап ретінде жою және социалистік меншікті талан-таражға салды, ұрлады деген қисынсыз жазалауда қылмыстық жауапкершілікті күшейту бағытында барынша қуғындау саясатын аяусыз жүргізді. Бұл шаралар сталиндік жүйенің жазалау саясатының құрамдас бөлігі ретінде социалистік мемлекет мүдделерін қорғауға бағытталғанымен халық үшін көптеген ауыртпалықтар туғызғандығы ашық шындық. Халық арасында «Бес масақ» атанған 1932 жылғы 7 тамыздағы Орталық Атқару комитеті мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздардың және кооперациялардың мүлкін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті қорғау туралы» қабылдаған қаулысының негізінде қазақ даласында жаппай қуғындаудың кезекті толқынын туғызғаны анық. Сондықтан бұл тақырып әлі де толықтырулар мен зерттеулерді қажет ететіні анық.

Әдебиеттер

Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. 1989. №7. С. 53-71.

Алдажұманов К.С. Қазақстандағы 20-30 жылдардағы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін тарихынан // Отан тарихы. 2013. №4. 176-183 бб.

Бүкілресейлік Орталық атқару комитеті (БОАК) мен КСРО Халық комиссарлар кеңесі (ХКК) «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздардың және кооперациялардың мүлкін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті қорғау туралы» қаулысы // Собрание законов и распоряжений Рабоче-Крестьянского Правительства СССР. 1932 г. № 62, ст. 360.

Ивницкий Н.А. Коллективизация и раскулачивание (начало 30-х годов) / Н.А. Ивницкий. М. : Интерпракс, 1994. 267 с.

Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995. - 256 б.

Қарағанды Облысының Мемлекеттік Архиві (бұдан былай: ҚОМА), 28-қ., 2-т., 47-іс. 168 - 177 п.

ҚОМА, 28-қ., 2-т., 47-іс. 177 п.

ҚОМА, 28-қ., 2-т., 47-іс. 26 п.

ҚОМА, 28-қ., 2-т., 47-іс. 30–31 пп.

ҚОМА, 28-қ., 2-т., 47-іс. 58 п.

ҚОМА, 28-қ., 2-т., 47-іс. 15 п.

ҚОМА, 28-қ., 2-т., 47-іс. 16 п.

ҚОМА, 28-қ., 2-т., 47-іс. 62 п.

ҚОМА, 28-қ., 2-т., 47-іс. 73 п.

ҚОМА, 28-қ., 2-т., 47-іс. 154 п.

ҚОМА, 28-қ., 2-т., 47-іс. 155 п.

ҚОМА, 28-қ., 2-т., 47-іс. 156 п.

ҚОМА, 28-қ., 2-т., 47-іс. 157 п.

Қозыбаев М.Қ. Ақтандақтар ақиқаты: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 272 б.

Қозыбаев М.Қ., Алдажұманов Қ.С., Әбілғожин Ж.Б. Қазақстандағы күштеп коллективтендіру: корлық пен зорлық. Алматы, 1992. 36 б.

Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. 368 б.

Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Екінші кітап. Алматы: «Мектеп», 2017. 656 б.

- Қуандықов Е. Сүркия саясат. Алматы: Санат, 2002. 120 б.
- Мұхатова О.Х. Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы. XX ғ. 20-90-жж. Алматы: Ғылым, 1999. - 287 б.
- Омарбеков Т. Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929-31 жылдары болған халық наразылығы [Текст]: оқу құралы / Омарбеков Т. Алматы: Санат, 1994. 272 б. Алматы, 1995.
- Омарбеков Т.О. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. - 320 б.
- Омарбеков Т.О. Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы: т.ғ.д. ... дисс. Алматы, 1994. 35 б.
- Омарбеков Т.О. Қолдан жасалған қасірет // Егеменді Қазақстан. 1992. 22 желтоқсан.
- Попов В.П. Государственный террор в Советской России. 1923–1953 гг. // Отечественные архивы. 1992. № 2. С. 26.
- Роберт Конквест. Жатва скорби (Советская коллективизация и террор голодом). Лондон: ОРУ, 1988. 621 с.; Олкотт М.Б. Казахи. Гуверовский институт, 1987, 2-ое изд. 1995; Сара Камэрон. Голодные степи: советский Казахстан и казахский голод, 1921-1934 гг.: докт. дисс., Университет Йэля, 2010 г. и др.
- Смағұлова С.О. Ұлттық интеллигенция және XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселе: т.ғ.к. ... дисс. Алматы, 1999. 144 б.

References

- Abylhojin J.B., Kozybaev M., Tatimov M.B. Kazhstanskaya tragediya // Voprosy istorii. 1989. №7. S. 53-71.
- Aldajumanov K.S. Qazaqstandagy 20-30 jylardagy asharyshlyq pen sayasi qwgyn-surgin tarihy nan // Otan tarihy. 2013. №4. 176-183 bb. [in Kazakh]
- Bukilreseylik Ortalyq atqarw komiteti (BOAK) men KSRO Halyq komissarlar kenesi (HKK) «Memlekettyk kdsiporyndardyn, kolhozardyn jдne kooperaciyalardyn mulkin qorgaw jдne qogamdyq (socialistik) menshikti qorgaw twraly» qawlycy // Sobranie zakonov i rasporyajeniy Raboche-Krestyanskogo Pravitelstva SSSR. 1932 g. № 62, st. 360. [in Russian]
- Yvnickiy N.A. Kollektivizaciya i raskwlachivanie (nachalo 30-h godov) / N. A. Yvnickiy. M. : Ynterpraks, 1994. 267 s. [in Russian]
- Nurpeyisov K. Alash hdm Alashorda. Almaty: Atatek, 1995. 256 b. [in Kazakh]
- Karagandy Oblysynyn Memlekettik Arhivi (budan bylay: KOMA), 28-K., 2-t., 47-is. 168 - 177 p. [in Russian]
- KOMA, 28-K., 2-t., 47-is. 177 p. [in Russian]
- KOMA, 28-K., 2-t., 47-is. 26 p. [in Kazakh]
- KOMA, 28-K., 2-t., 47-is. 30–31 pp. [in Kazakh]
- KOMA, 28-K., 2-t., 47-is. 58 p. [in Kazakh]
- KOMA, 28-K., 2-t., 47-is. 15 p. [in Russian]
- KOMA, 28-K., 2-t., 47-is. 16 p. [in Russian]
- KOMA, 28-K., 2-t., 47-is. 62 p. [in Kazakh]
- KOMA, 28-K., 2-t., 47-is. 73 p. [in Russian]
- KOMA, 28-K., 2-t., 47-is. 154-157 pp. [in Kazakh]
- Kozybaev M.K. Aktandaktar akikaty: Okw kuraly. Almaty: Kazak wniversiteti, 1992. 272 b.
- Kozybaev M.K., Aldajumanov K.S., Dбилgojin J.B. Kazakhstandagy kushtep kollektivtendiru: korlyk pen zorlyk. Almaty, 1992. 36 b. [in Kazakh/Russian]
- Koygeldiev M.K. Alash kozgalysy. Almaty: Sanat, 1995. 368 b. [in Kazakh]
- Koygeldiev M. Alash kozgalysy. Ekinshi kitap Almaty: «Mektep», 2017. 656 b. [in Kazakh]
- Koldan jasalgan kasiret // Egemendi Qazaqstan. 1992. 22 jeltoksan. [in Kazakh]
- Kwandykov E. Surkiya sayasat. Almaty: Sanat, 2002. 120 b. [in Kazakh]
- Muhatova O.H. Kazakhstandagy agrarlyk uzgerister tarihnamasy. XX g. 20-90-jj. Almaty: Gylym, 1999. 287 b. [in Kazakh]
- Omarbekov T. Zobalan (Kushtep ujymdastyrwga karsylyk. 1929-31 jyldary bolgan halyk narazylygy [Tekst]: okw kuraly / Omarbekov T. Almaty: Sanat, 1994. 272 b. Almaty, 1995. [in Kazakh]
- Omarbekov T.O. 20-30-jyldardagy Kazakstan kasireti. Almaty: Sanat, 1997. 320 b. [in Kazakh]
- Omarbekov T.O. Kazak sharwalaryn jeke menshik kojalyktarynan ayurw jдne ujymdastyrw: tarihy men tagylymy: t.g.d. diss. Almaty, 1994. 35 b. [in Kazakh]
- Omarbekov T.O. Koldan jasalgan kasiret // Egemendi Kazakstan. 1992. 22 jeltoksan. [in Kazakh]
- Popov V.P. Goswdarstvennyy terror v Sovetskoy Rossii. 1923–1953 gg. // Otechestvennyye arhivy. 1992. № 2. S. 26. [in Russian]
- Robert Konkvest. Jatva skorbi (Sovetskaya kollektivizaciya i terror golodom). London: OPU, 1988. 621 s.
- Olkott M.B. Kazahi. Gwverovskiy institwt, 1987, 2-oe izd. 1995.
- Sara Kamiyon. Golodnye stepi: sovetskiy Kazakhstan i kazhskiy golod, 1921-1934 gg.: dokt. diss., Wniversitet Yйlya, 2010 g. i dr. [in Russian]
- Smagulova S.O. Ultytk intelligenciya jдne XIX gasyrdyn ayagy men XX gasyrdyn basyndagy Kazakhstandagy agrarlyk mдsele: t.g.k. ... diss. Almaty, 1999. 144 b. [in Kazakh]